

**"Мақта қолхатының нысанын (үлгісін) және сипаттамасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 18
сәуірдегі № 15-07/185 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 сәуірде № 13664 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мақта қолхатының нысанын (үлгісін) және сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 15-07/185 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8465 болып тіркелген, 2013 жылғы 26 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінің № 240 (28179) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрыққа қосымшада:

"Мақта қолхатының жазылуы" бөлімінде:

9–тармақта:

14) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) тармақша мақта қолхаттарын ұстаушы "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 4-5/575 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12035 болып тіркелген) Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының кепілдіктерін алу қағидаларында көзделген тәртіпте мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларынан кепілдік алған жағдайда толтырылады."

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков